

№ R00059 12.02.2024 ж

КУРМАНАЛИЕВА ГУЛЬМАЙРА АУЕНОВНА

Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы

№ 4 "Үміт" мектеп –интернатының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бөлім:	3-тарау. «Адам жанының құпиясы»	
Педагогтің аты-жөні	Курманалиева Гульмайра Ауеновна	
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ғабит Мүсірепов. «Ұлпан» романындағы кейіпкерлер бейнесі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау;	
Сабақтың мақсаты	Шығарманың идеясы бойынша кейіпкерлер жүйесін анықтайды, кейіпкерлерге мінездеме бере алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Үй жұмысын пысықтау. «Сұрақтар жаңбыры» әдісі бойынша сұрау. 1. Ғабит Мүсіреповтың тарихи ел шежіресінің мазмұны негізінде жазған романдарының бірін ата. (Ұлпан) 2. Ол роман қай жылы жазылды? (1974 жылы) 3. Бұл роман неше бөлімнен және неше тараудан тұрады? (үш, жиырма төрт) 4. Ұлпан романында қанша кейіпкер бар? (тоқсанға жуық)</p>	сұрақтарға жауап береді.	ҚБ. «Ашық микрофон» арқылы бірін-бірі баға лайды.)	

	<p>5.Шығарманың оқиғасы қай ғасырдағы қазақ даласында болған тарихи шындыққа негізделген? (19-ғасыр)</p> <p>6.Романдағы басты кейіпкерлер кімдер? (Есеней, Ұлпан)</p> <p>7.Романның ерекшеліктерінің бірі неде? (қазақ ауылының жүз жылдық тұрмысы, әдет-ғұрпы, барымта, қалың мал беру, қыз айттыру, жер дауы, жесір дауы).</p>															
<p><i>Ортасы</i></p>	<p>Қызығушылықты ояту. Суретке қарап, қызға тән қасиеттерді сипаттап айтыңдар.</p>  <p>1-тапсырма Тыңдалым. Айтылым. Бейнебаянды тыңдап, «Түртіп алу» әдісі Дескриптор: - Бейнебаянды тыңдайды. - қажетті жерлерін түртіп жазып алады.</p> <p>2-тапсырма Айтылым. «Кейіпкерлерге мінездеме» әдісі</p> <table border="1" data-bbox="331 1608 933 1906"> <thead> <tr> <th data-bbox="331 1608 600 1693">Кейіпкерлер</th> <th data-bbox="600 1608 933 1693">кейіпкерлерге мінездеме</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="331 1693 600 1738"></td> <td data-bbox="600 1693 933 1738"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="331 1738 600 1783"></td> <td data-bbox="600 1738 933 1783"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="331 1783 600 1827"></td> <td data-bbox="600 1783 933 1827"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="331 1827 600 1872"></td> <td data-bbox="600 1827 933 1872"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="331 1872 600 1906"></td> <td data-bbox="600 1872 933 1906"></td> </tr> </tbody> </table>	Кейіпкерлер	кейіпкерлерге мінездеме											<p>Суретті сипаттап айтады.</p> <p>кейіпкерлерді анықтап, мінездеме береді</p>	<p>ҚБ. Дескриптор арқылы бағалау</p>	<p>Сурет</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=aVMNeCxQJLY</p> <p>Қазақ тілі 9 Арман-ПВ 2019</p>
Кейіпкерлер	кейіпкерлерге мінездеме															

	<p>Дескриптор: - бірнеше кейіпкерлерді анықтайды. - кейіпкерлерге мінездеме береді;</p> <p>3-тапсырма Жазылым. «Төрт сөйлем» әдісі Дескриптор -кейіпкерді түрлі қырынан сипаттайды; - кейіпкер іс-әрекетінен дәлелдер келтіреді. -қорытынды шешімін жазады.</p>	<p>Өз ойын жазады.</p>	<p>ҚБ. Дескриптор арқылы бағалау</p>	
<p><i>Аяқталуы</i></p>	<p>Тақырыпты бекіту үшін Рефлексия: Үшбу хат.</p>  <p>Оқу тапсырмасы: Кейіпкерге хат жазу.</p>	<p>Тапсырманы келесі сабаққа дейін дайындайды.</p>	<p>Кері байланыс беріледі.</p>	

Сәнді киім дизайны

УТЕМИСОВА ЖАНАТ БИГАРАЕВНА

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
«№ 6 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі

Сабақ барысы

Жоспар бөлімі:	Дизайн және технология			
Мерзімі:	Мұғалімнің аты-жөні: Утемисова Ж.Б.			
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақ тақырыбы:	Сәнді киім дизайны «Fast cloth» қарапайым геометриялық формалар /панчо,кейп,туника/. Киім және аксессуарлардың заманауи өндірісі			
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары (Оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.2.1 тарихи және мәдени шығармалардағы қолөнер, дизайн туындыларының материалдарын, түрлерін, бағыттарын салыстырмалы талдау;			
Сабақ мақсаттары	-тарихи және мәдени шығармалардағы қолөнер, дизайн туындыларының материалдарын, түрлерін, бағыттарын салыстырмалы талдау; - шығармашылық ойларды жүзеге асыруда алғашқы және қазіргі ақпарат көздерін мақсатты, өнімді пайдалану.			
Сабақ кезіндері	Педагог іс-әрекет	Оқушы әрекеті	бағалау	Ресурстар
Сабақ басы	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал: «Шаттық шеңбері» «Панчо,туника,кейп тігу жолдырының көрсетілімі» Топқа бөлу. (суреттерді құрастыру арқылы) 1-топ «Панчо» 2-топ «Кейп» 3-топ «Туника» Сынып ішінде талқылау. Қалай ойлайсыздар, пончо деген не?</p>	<p>«Өрмекші» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Панчо деген не? - Кейп деген не? - Туника деген не? - Қазіргі кезде бұл киім 	Өзін-өзі бағалау	

	<p><i>Пончоны алғаш қай ұлт пайдалана бастады «Кейп» сөзі сіздерге таныс па? Бұл киім түрлеріне не тән?</i></p>	<p><i>түрлері қалай қолданылады? - Тиімділікт ерін ата Қ.Б мадақтау</i></p>		
<p>Сабак ортасы</p>	<p>Сәнді киім дизайны, панчо, кейп, туника, аксессуар, қарапайым геометриялық форма. Үлгі - дизайн – design Әшекей – аксессуар – accesory Fast cloth – тез дайындалатын киімдер Жаңа мәлімет. (видео көрсету арқылы мәлімет алады) Пончо- латын Америкасы тұрғындарының киімі. үлкен тікбұрышты матаның ортасында басқа арналған ойығы бар латиноамерикандық дәстүрлі сырт киім. Алғаш рет пончо Мапуче (Патагония) Үнді тайпасында испандық иеліктің дәуіріне дейін пайда болды деп саналады. Бұл Анд тұрғындары үшін типтік киім, түсі мен әрлеуі жергілікті жеріне қарай бөлінеді. Кейп – ағылшындардың иыққа жамылатын, жеңсіз, сәнді жамылғысы. Кейп пальтоның бір түрі. Кейптің ерекшелігі қарапайым жеңдердің орнына иықтың нақты сызығы және қол кесіктері. Ол Викториан Англиясында пайда болды, ал уақыт өте келе бүкіл әлемге тарады. Модельерлер кейп 20-шы және 60-шы жылдардың</p>	<p>Талдау Оқушылар топтарда кейп пен туника және пончоның суреттерін өз бетінше қарап, олардың тиімділігі мен тиімсіздігін, ыңғайлылығы мен ыңғайсыздығын тауып «Бір минуттық әңгіме» тәсілі арқылы талдайды, пікірлерімен бөліседі. Ойларын ортаға салады.</p>	<p>-сәнді киім жасауда дизайн түрлерінің ерекшеліктерін көрсетеді.; -Сәнді киім дизайнында ағы түрлі стильдерді , материалдары мен әдіс-тәсілдерді талдайды; - шығармашылық ойларын жүзеге асырады. Дискриптор Қолданатын материалдарды анықтайды ; Стильдерд</p>	<p>фломастер, маркерлер «Кластер» Суреттер, ватман қағазы, «Конверт-ақпарат көздері» - Қағаз, түрлі түсті қарындаш, фломастер және т.б</p>

	<p>сәнді көріністерінде, сондай-ақ соңғы бірнеше жылдар бойы пайдаланып келеді..</p> <p>Туника – қыздардың жейде ретінде де, көйлек, жағажай жамылғысы ретіндегі киім үлгісі.Әдетте жағасы болмайды, кейде жеңі де болмайды. Ұзындығы әртүрлі болады.</p> <p>Практикалық бөлім. (қағазға нобайын сызады)</p> <p>Оқушылар топтарда көркем материалдарды ескере отырып, ежелгі пончо және қазіргі заманғы кейп және туника үлгісін сызады.</p> <p>«Кластер әдісі» арқылы таныстырады және қорғайды.</p>	<p>Кейп пончо туника</p> <p>-</p>	<p>ің ерекшелікт ерін ашады; Графикалы қ сызбасын дайындайд ы; Геометрия лық формалард ан құралған сәнді киімдерді салыстыра ды.</p>	
<p>Сабак соңы</p>	<p>Оқушылар өз сыныптастарының тапсырманы қаншалықты жақсы орындағаны туралы ауызша пікір айтады.</p>	<p>өзара бағалау</p>		

СИҚЫРЛЫ ТАБИҒАТ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

ӘМІРӘЛИЕВА ФЕРУЗА ӘНӘПИЯҚЫЗЫ

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы
«Айналайын» балабақшасының тәрбиешісі*

Білім көздері: Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен танысу

Билингвальді компонент: Күн – солнце, Табиғат – природа, Ай – луна

Мақсаты: Балаларды табиғатты аялауға баулу.

Міндеті: Оларды табиғат ғажайыптары мен табиғат құпиялары туралы мағлұматтарымен таныстыру.

Тәрбиелігі: Экологиялық тәрбие беру. Өз елінің, жерінің табиғатын қорғай білуге тәрбиелеу.

Дамытушылығы: Табиғаттың тіршілігіне және қоршаған ортаны қорғауға деген жоғарғы адамгершілік сезімдері мен жауапкершілігін дамыту.

Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

Табиғат біздің анамыз,

Табиғатқа баламыз.

Біз әдепті баламыз!

Тәрбиеші: Жарайсындар! Балалар, бүгін ұйымдастырылған оқу қызметіндегі тақырыбымыз «Табиғат тамашасы». Табиғат-ана жер жүзіне жылуын, мейірімін сыйлап тұр емес пе? Сондықтан, ешқашан жамандық жасама, жақсылық қана ойла. Барлығы саан жақсылық жасауға, дос болуға ұмтылады. Енді, балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. Егерде жұмбақтың шешуін тапсақ, табиғаттың сиқырын ашылады.

Таң атқанда қауызын ашады,

Кеш батқанда қауызын жабады.

(Гүл)

Табиғат сендерге ризашылық білдіріп, гүлін ашты. Балалар, сиқырлы табиғат гүліміз ашылды, амандасайық.

Балалар: Сәлеметсіз бе, сиқырлы ханшайым!

Ханшайым: Сәлеметсіздер ме, балалар! Мені танысындарма. Мен табиғат аясындағы сиқырлы ханшайыммын. Сендер көптеген сиқырлы тапсырмаларды ала келдім.

«Табиғат мінезі» жаттығуы

Қәне, барлығымыз тізбектеле тұрайық. Көзімізді жұмып, өзімізді табиғат аясында тұрғандай сезінейік. Күн тамаша, ашық күн сәулесі шуақ шашып тұр, айнала тамаша көрініске толы. Енді, көзімізді ашып, өзімізді еркін сезінейік.

Алғашқыда бәрі жақсы болып тұрды да кенет аяқ астынан жел соқты.

Алдымызда тұрған адамның арқасынан жәймен ғана қолмен жеңіл желдің самалындай етіп сипаймыз.

Жел күшейді – енді алдыңыздағы адамның арқасын қатты уқалай бастаймыз.

Кенет, боран басталды – енді боран күшіндей екі қолмен айналдыра күштірек уқалаймыз. Содан кейін, аяқ астынан жай ғана жаңбыр сіркірей бастады – енді қолымызбен жаңбырдың тамшысындай жаймен ұрамыз.

Бір кезде қатты жауын жауды – біз қаты жауын сияқты арқамызды саусақтың ұшымен жоғары төмен сипалаймыз.

Аяқ астынан бұршақ жауды – арқамызды саусақ басымен бұршақ жауғандай қаттырақ ұрамыз.

Бір кезде бәрі басылды, күн жарқырап ашылып, адамға бір күшті шуақ берді.

Сұрақ – жауап

Ханшайым: Табиғатқа нелер жатады?

Балалар: Су, ауа, күн, өсімдіктер, жануарлар, құстар, балықтар жатады.

Ханшайым: Табиғат нешеге бөлінеді?

Балалар: Табиғат екіге бөлінеді: тірі табиғат және өлі табиғат.

Тірі табиғатқа: Балықтар, құстар, жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер жатады.

Өлі табиғатқа: Су, ауа, күн, ай, тау, аспан жатады.

Ертегі: «Күн мен Ай» (кейіпкерлеу)

Өткен заманда біреудің Айсұлу және Күнсұлу деген екі қызы болыпты. Екеуі де теңдесі жоқ сұлу екен. Бірінен – бірі асқан сұлуын деп бірімен – бірі үнемі ұрысысып, жиі – жиі жанжалдасып қалады екен. Бір күні Күнсұлу іс тігіп отырған Айсұлуға тиісіп:

-Сенен мен сұлуым!- дейді. Ал Айсұлу.

-Жоқ, сен сұлу емессің, мен сұлуым!- деп таласады. Ақыр аяғында бұл талас үлкен шатаққа айналады. Біза қысып, әбден ашуланған Күнсұлу өзіне қарсы келіп отырғын Айсұлудың бетін тырнап алады. Күнсұлу тырнағының ізі Айсұлудың бетінде өшпестей болып қалады. Міне, содан бері Айсұлу жұрттан ұялып, тек түнде ғана тысқа шығады екен. Ал бейбастығынан қатты ұятқа батқан Күнсұлу түн қараңғылығында бұғып жатады екен. Содан бері Айсұлу мен Күнсұлу бірінен – бірі көрінбейді.

Балаларды орталыққа болу арқылы жұмыстарын жалғастыру. «Өнер» орталығы Айдың суретін бояу, «Күрылыс» орталығы Күнді құрастыру, «Әдебиет» орталығы табиғат құбылыстарымен әңгіме құрастыру

Сергіту сәті: Қарлығаш

Билингвальді компонентті қайталау: Күн – солнце, Табиғат – природа,
Ай – луна

Балаларды орталыққа ауыстыру

Дидактикалық ойын: «Табиғаттан не үйрендім»

Айтып отырып суретті жабыстырып, табиғат бейнесін құрастыру.

Жылулықты – күннен,

Тазалықты – судан.

Өсуді – ағаштан,

Биіктікті – таудан.

Иә, балалар, біз табиғаттан көптеген заттарды үйренеді екенбіз.

Табиғат туралы тақпақ кім айтады ?

1-бала:

Табиғат егіз адаммен,

Ұқсастық табам содан мен.

Мәңгілік болсын егіздер,

Жер – ана, көл, теңіздер.

2-бала:

Табиғатты қорғау үшін бәріміз,

Күресейік, бір – бір ағаш егейік.

Текке отырмай жасымыз бен кәріміз,

Таза ауа үшін терімізді төгейік.

3-бала:

Табиғатты сүйемін,

Оны қорғай білемін.

Қайырымды жүрекпен,

Мейірімді тілекпен.

4-бала:

Табиғатты адамзат аялаған,

Егін егіп, мал бағып саялаған.

Қарасындай көзінің қорғай жүріп,

Қамқорлығын ешқашан аямаған.

5-бала:

Барлығымыз табиғатты сүйеміз,

Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.

Денсаулықты әрқашанда сақтаймыз,

Баршаңызға бейбіт өмір тілейміз.

Табиғатқа байланысты қандай мақал – мәтелдер білесіңдер?

1-бала: Көлдің көркі – құрақ

2-бала: Орман – ел дәулеті

3-бала: Таудың көркі – бұлақ

4-бала: Сулы жер – нулы жер

5-бала: Ағаш ексең аялап

Басыңда болар саябақ.

Дидактикалық ойын: «Қайда бардым, не көрдім»

Бардық дейік орманға

Не бар екен ол маңда

Көргендеріңді баянда.

Балалар: Ағаштар, гүлдер, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жидектер, аңдар, құстар.

Жазда барып өзеннің

Жағасына бөгелдім

Кім айтады кәнеки

Мен ол жерде не көрдім.

Балалар: Су, тас, құм, шөп, гүл.

Тау басына өрмелеп,

Шаршап талай бөгелдім.

Жан – жағыма мен кенет,

Қарап едім, не көрдім.

Балалар: Тас, гүл, қарағай, шырша, өзен, аспан, бұлт, күн, құм, құстар.

Қоштасу шеңбері:

Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет!

Таза ауа саған рахмет!

Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рахмет!

Ағаш көлеңкеңе үшін рахмет!

Жер жомарттығың үшін рахмет!

Табиғат сұлулығың үшін рахмет!

МЕНИҢ СҮЙІКТІ ОЙЫНШЫҒЫМ

АЛДАБЕРГЕНОВА МАРАЛ УАЛИХАНОВНА

Қызылорда облысы Шиелі ауданы
«Айналайын» балабақшасының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі : Сөйлеуді дамыту

Мақсаты: Ойыншықтар жайында әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту.

Міндеті: Ойыншықтар туралы әңгімелесу, оларды сипаттап айтуға үйрету. Сөздік қорын толықтыру.

Тәрбиелігі: Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ойнауға тәрбиелеу .

Күтілетін нәтиже:

жасайды: ойыншықты сипаттауды;

түсінеді : ойыншық туралы түсінікті;

қолданады: өлең жолдарын жаттауды.

Көрнекіліктер: ойыншықтар, үле стірмелі суреттер (қонжық , мәшине , доп).

Сөздік жұмыс: қонжық, мәшине, доп .

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

1. Ұйымдастырушылық кезең.

М.Әлімбаевтың «Ойыншықтар» өлеңін оқып беру:

Біздерде бар қуыршақ,

Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,

Айтқаныңнан шықпайды.

2. Негізгі кезең

Өлеңнің мазмұнын түсіндіріп, өлең жолдарын жаттауға ұсыныс жасайды. Бүгінгі оқу қызметінде ойыншықтармен танысатындықтарын айтып, балалардан топта, үйлерінде қандай ойыншықтар барын сұрайды.

– Сенің қандай ойыншығың бар?

Әр баланың жауабы тыңдалады.

– Ойыншықтарыңды жақсы көресің бе?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

– Ойын шығың қандай? (Үлкен, кішкентай).

– Сен ойыншықтармен ойнап болған соң, орнына жинайсың ба?

– Ойыншықтардың тұратын жерін білесің бе?

Ойыншықтарды лақтырмай, сындырмай, ұқыпты ойнау керектігін айтады.
Балалар өлеңді қызығушылықпен тыңдайды.

Ғажайып сәт : «Сиқырлы сандық».

– Кәне, сандықта не бар екен ?

– Қонжық, мәшине, доп бар екен.

– Енді осы ойыншықтарға әңгіме құрайық . Әңгіме құрауға көмектеседі.

Қонжық, мәшине, доп туралы түсіндіреді.

– Менің ойыншық қонжығым бар. Қонжықтың екі құлағы, төрт аяғы бар. Қонжығым өте сүйкімді.

Сергіту сәті:

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап?

Үлестірмелі суреттермен «Не артық?» **дидактикалық ойыны** ойнатады .

Суреттен не артық екенін табады.

– Суретте гүл артық, өйткені ол ойыншық емес т.б.

3. Рефлексия .

Балаларға сұрақтар беріп, қайталатады. Педагог қорытынды жасайды, мадақтайды.

ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ПІШІНДЕР

КУШАКБАЕВА АЙГУЛЬ МЕЙРБЕКОВНА

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы ЖШС
«Күншуақ» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Білім беру салалары: таным, шығармашылық.

Бөлімі: Математика негіздері.

Мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш.

Міндеттері: геометриялық пішіндер үлгілерін қимақағаздағы бейнесінің үстіне салып қарауға жаттықтыру; қоршаған ортадан басқа да геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттарды таба білуге үйретуді жалғастыру; геометриялық пішіндер белгілерін ажырата білу және атау білігін бекіту; пішінді оң қолымен алып, солдан оңға қарай қойып шығу білігін дамыту; «теңбе-тең» сөзін қолдануды үйрету; заттар мен пішіндерді көру-қозғаусезу тәсілдерімен зерттеу білігін дамыту; бақылағыштығын, назар аударуын тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: геометриялық пішіндерді ажыратады және атайды: шеңбер, шаршы, үшбұрыш; «сонша, неше...», «теңбе-тең» терминдерін;

түсінеді: қоршаған ортадағы кейбір заттар геометриялық пішіндерге: шеңбер, шаршы және үшбұрышқа ұқсайтынын; қолданады: тапсырманың дұрыс орындалғанын тексеру үшін заттарды оңнан солға қарай үстіне қою әдісін қолдануды; жапсырмамен жұмыс жасау дағдысын, ұқсас заттарды табу дағдысын.

Құрал-жабдықтар мен материалдар: шаршы, шеңбер, үшбұрыш макеттері; «геометриялық пішіндер карточкасы»; әуен, құрсаулар – 3; геометриялық пішіндер салынған табақ; үлестірмелі материалдар: жұмыс дәптері, жай қарындаш және жапсырмалар.

Сөздік жұмыс: шеңбер, үшбұрыш, шаршы.

Билингвальды компонент: шеңбер – круг, үшбұрыш – треугольник, шаршы – квадрат.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі. Педагог: Бүгін біз геометриялық пішіндер еліне қонаққа аттанамыз. Келісесіңдер ме? Онда аттанамыз.

2. Негізгі кезең. «Шешуін тап және ата» ойыны.

Педагог жұмбақ жасырады: Дөңгелек дөңгелейді, Доңғалақ доңғалайды. Олар неге ұқсайды? Әрине, бұл ... (Шеңбер)

Сұрақтар қояды:

–Шеңберден басқа қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?

Фланелеграфпен жұмыс істеу.

Педагог фланелеграфта ілулі тұрған әр геометриялық пішіндерді көрсетіп сұрайды.

–Мынау қандай геометриялық фигура?

Не нәрсе шеңберге ұқсас болады?

Не нәрсе үшбұрышты болады?

Не нәрсе шаршы болады?

Балалардың назарын суреттегі карточкаға аударады

– жоғары жақта қанша шаршы болса, төменгі жағына солдан оңға қарай сонша шаршы орналастыру керек. Соны көрсетеді.(4 шаршы)

«Өзіңнің карточкаңа жапсыр» ойыны.

Жұмыс дәптері, 1-тапсырма. Педагог балаларға жоғарғы жолақта қанша геометриялық пішін болса, төменгі жаққа сонша геометриялық пішін жапсыруға тапсырма береді.

Сұрақтар қояды: Төменгі жағына неше шаршы орналастырдыңдар? Төменгі жағында неше шаршы болды?

Содан кейін төменгі жағына жоғарғы жағында неше дөңгелек болса, сонша дөңгелек жапсыруды ұсынады. (2 шеңбер).

Төменгі жағына неше шеңбер жапсырасыңдар?

Тағы да жоғарғы жағында неше үшбұрыш болса, төменгі жағына сонша үшбұрыш жапсыруды ұсынады (3 үшбұрыш).

Төменгі жағына неше үшбұрыш жапсырасыңдар?

Олар нешеу болды? Балалар тапсырманы орындайды.

Педагог балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, жеке жұмыс жүргізеді.

Сөздік жұмыс: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы.

Билингвальды компонент: дөңгелек – круг, үшбұрыш – треугольник, шаршы – квадрат.

Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» Кілем үстінде әр кұрсаудың ішінде бір геометриялық пішіндерден: шеңбер, шаршы, үшбұрыш жатыр. Педагог балаларға табақтан бір геометриялық пішіндерден алуды ұсынады. Әуенді қосады. Кілем үстінде жүруді ұсынады. Әуен тоқтағанда, әрқайсысы өз үйіне жүгіріп кіруі тиіс (кұрсау ішіне): қолында шеңбер барлар, шеңбер жатқан кұрсауға, 76 қолында үшбұрыш барлар, үшбұрышқа, қолында шаршы барлар, шаршы жатқан кұрсауға жүгіреді. Педагог балалардың дұрыс өз үйіне кіргенін тексереді. Содан кейін тағы әуенді қосады, балалар бұл кезде пішіндерді қайта табаққа салып, әуен аяқталғанда өз орындықтарына отыра қалады.

Ойын: «Заттар қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?»

(2-тапсырма). Балаларға суреттерді қарап, онда бейнеленген заттарды атауды сұрайды. Геометриялық пішіндеріне оларға ұқсайтын заттарға дейін сызып қосуға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, жеке жұмыс жүргізеді.

3.Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Топ ішіндегі геометриялық пішіндерге (шаршы, шеңбер және үшбұрыш) ұқсайтын заттарды табындар. Үш баланы шақырып, біреуіне топ бөлмесінен шеңберге ұқсайтын затты, екіншісіне шаршыға ұқсайтын затты, ал үшіншісіне үшбұрышқа ұқсайтын затты алып келуді өтінеді.

№ R00074 14.022024 ж

**Бастауыш сыныпта жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану
арқылы оқушы қызығушылығын арттыру**

ЖАКИЕВА САНЖАН УТЕСИНОВНА

Атырау қаласы

“Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебі”

Бастауыш сынып мұғалімі

Кәсіби тәжірибеден өткен оқытушының мультисенсорлық, бірлескен конструктивті оқыту режимін пайдалану арқылы білім берудің өзіндік тиімділігін айтарлықтай жақсартуға болатыны анықталды, нәтижесінде тағылымдамадан өтуші мұғалімдерге бастауыш ғылым педагогикасы мұғалімнің өзіндік тиімділік нәтижесіне жеткізеді.

Оқу жоспарындағы бастауыш ғылым профилі төмендегені туралы жалпы консенсус бар. Ғылым негізгі пән ретінде анықталғанына қарамастан, 1988 жылы Дүниежүзілік Ұлттық оқу бағдарламасы енгізілгеннен бері оны бастауыш сыныптарда оқытуға қатысты пән мамандарының мүмкіндіктері, соның ішінде қазіргі мұғалімдер арасында арнайы ғылымдық білімнің жетіспеушілігін және үздіксіз кәсіби дамудың шектеулілігін атап көрсетеді.. Осындай көзқарастарды ескере отырып, бастауыш мұғалімдерін болашақтың жаңа білікті мұғалімдері ретінде пәндік білім тұрғысынан да, пәндік педагогика тұрғысынан да өзіне сенімді және құзыретті тыңдаушыларды дамытуға қолдау көрсетуі маңызды болып көрінеді.

Бастауыш сыныптарда жаратылыстану пәні ретіндегі жаратылыстану мәртебесінің төмендегенін ескере отырып, бастауыш жаратылыстану пәндерін оқытудың қазіргі жағдайы тұрақсыз.

Мұны жақсарту үшін оқу барысында тиісті сеніммен, пәндік біліммен және педагогикалық санамен қамтамасыз ету, бастауыш сыныптардағы жаратылыстану ғылымының мәртебесі мен мәртебесін көтеру өте маңызды болып көрінеді.

Бастауыш мектеп – бала өміріндегі құнды, түбегейлі жаңа кезең: жүйелі оқыту білім беру мекемесінен басталады, оның сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу аясы кеңейеді, әлеуметтік мәртебесі өзгереді және өзін-өзі көрсету қажеттілігі артады. Қазіргі бастауыш білім беру мазмұнының ерекшелігі – оқушы нені білуі керек деген сұраққа жауап беру ғана емес, сонымен қатар тұлғалық, коммуникативтік, танымдық, реттеуші салаларда жалпыға бірдей оқу әрекетін қалыптастыру, өз бетінше оқу әрекетін ұйымдастыру қабілетін қамтамасыз ету. .

Соңғы жылдары бастауыш сынып мұғалімдері кіші мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуді жақсарту жолдарын іздестіруде белсенділік танытуда.

Бұл жалпы білім берудің мемлекеттік стандарттарының (екінші буын) тұжырымдамасына сәйкес келетін оқу-тәрбие процесінің бағытының өзгеруінен, оның әрбір баланың жеке тұлғасын дамыту үшін жағдай жасауға бағытталуынан көрінуі мүмкін.

Тұлғаның дамуы белгілі бір шарттар мен күш-жігерді қажет етеді.

Жаңа білім беру стандарттары ашықтығымен, көп деңгейлілігімен, икемділігімен ерекшеленетін және оқушы өзінің білім беру жолын және мектепке бейімделу жолын таңдайтын жағдайларды ұсынады. Балалардың өз қызығушылықтарын қадағалап, таңдау жасауға, бір-бірімен белсенді қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндігі болса, тиімді оқитыны белгілі.

Біз балалардың оқуға деген құштарлығы мен сүйіспеншілігін, сыни тұрғыдан ойлауын дамытқымыз келеді, оқушыларды оқытудың әртүрлі формаларын қолдануға ынталандыратын белсенді оқыту арқылы шығармашылық және әлеуметтік жауапты жеке тұлғаны дамытқымыз келеді. Әрбір жеке мұғалім өзін өзінің күнделікті тәжірибесінің реформаторы ретінде қарастырса, ең тұрақты білім беру реформасы табысты болады.

Интерактивті оқыту технологиялары туралы айтқанда, балалардың тиімді оқитынын есте ұстаған жөн: оқуға ынталы болған кезде; достық, жайлы ортада; оқытудың әртүрлі стильдері мен режимдеріне сәйкес әдістер қолданылғанда ; олардың білімі мен дағдылары пайдаланылғанда; олар жетістікке жеткенде.

Оқырмандар В.А. Сухомлинский «Жетістік болса, оқуға деген құштарлық та бар. Бұл әсіресе білім берудің бірінші сатысында – бала қиындықтарды жеңуді білмейтін, сәтсіздік нағыз қайғы әкелетін бастауыш мектепте өте маңызды» .

Бала мұғалімнің ерік-жігерін соқыр орындаушы ретінде әрекет етпей, белсенді және саналы әрекет ететін тұлға болуы, «оқу іс-әрекетінің субъектісі» болуы үшін ынталандыру мен қызығушылықты ынталандыруға мүмкіндік беретін оқытудың интерактивті әдістерін тиімді пайдалану. оқытылатын және жалпы білім беретін пәндер; оқушылардың белсенділігі мен дербестік деңгейін арттыруға, ақыл-ой әрекетін белсендіру және мұғаліммен және оқу-тәрбие процесінің басқа да қатысушыларымен диалогтық әрекеттесу арқылы өзін-өзі дамыту мен дамытуға ықпал ету; талдау, сыни тұрғыдан ойлау, өзара әрекеттесу, қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.

Интерактивті оқыту – бұл ең алдымен диалогтік оқыту, оның барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі жүзеге асады.

Интерактивті оқытудың мәні – оқу-тәрбие үрдісі оқушылардың барлығы дерлік таным процесіне қатысатындай етіп ұйымдастырылады, олардың білгенін, ойлағанын түсініп, ой елегінен өткізуге мүмкіндік алады.

Таным және оқу материалын меңгеру процесінде оқушылардың бірлескен іс-әрекеті әркімнің өзіндік ерекше жеке үлес қосуын, біліммен, идеялармен, іс-әрекет әдістерімен алмасуды білдіреді. Сонымен қатар, бұл жаңа білім алуға ғана емес, сонымен бірге танымдық белсенділікті дамытуға, оны ынтымақтастық пен ынтымақтастықтың жоғары формаларына көшіруге мүмкіндік беретін ізгі ниет пен өзара қолдау атмосферасында болады.

Интерактивті формалардың өзіне тән, мәнді белгісі – өзара әрекеттесу субъектілерінің өзара бағытталған белсенділігінің жоғары деңгейі, қатысушылардың эмоционалдық, рухани бірлігі. Көбінесе «интерактивті оқыту» термині ақпараттық технологияларға, қашықтықтан оқытуға, интернет ресурстарын, сондай-ақ электронды оқулықтар мен анықтамалықтарды, онлайн жұмыстарды және т.б.

Заманауи компьютерлік телекоммуникациялар қатысушыларға нақты серіктеспен «тікелей» (интерактивті) диалогқа (жазбаша немесе ауызша) кіруге мүмкіндік береді, сонымен қатар нақты уақыт режимінде пайдаланушы мен ақпараттық жүйе арасында хабарламаларды белсенді алмасуға мүмкіндік береді.

Интерактивті құралдар мен құрылғылардың көмегімен компьютерлік оқыту бағдарламалары пайдаланушы мен компьютердің үздіксіз интерактивті әрекеттесуін қамтамасыз етеді, оқушылардың оқу барысын бақылауға, материалды меңгеру жылдамдығын реттеуге, бұрынғы кезеңдерге оралуға және т.б. Бұл өзара әрекеттесу ерекшеліктері келесідей:

- білім беру субъектілерінің бір семантикалық кеңістікте болуы;
- шешілетін мәселенің проблемалық өрісіне бірігіп ену, яғни. біртұтас шығармашылық кеңістікке қосу;
- мәселені шешудің құралдары мен әдістерін таңдаудағы жүйелілік;
- жақын эмоционалдық күйге бірігіп кіру, мәселені шешуді қабылдау және жүзеге асырумен бірге жүретін дауыссыз сезімдерді бастан кешіру.

Интерактивті әдістерді қолдану кезінде оқушы қабылдау процесінің толыққанды қатысушысына айналады, оның тәжірибесі тәрбиелік білімнің негізгі көзі ретінде қызмет етеді. Мұғалім дайын білімді ұсынбай, оқушыларды өз бетінше ізденуге баулиды. Сабақты өткізудің дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда, интерактивті оқытуда мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігі өзгереді: мұғалімнің әрекеті оқушылардың белсенділігіне орын береді, ал мұғалімнің міндеті олардың бастамасына жағдай туғызады. Мұғалім оқу ақпаратын өзі арқылы өткізетін сүзгі түрінің рөлінен бас тартады және жұмыста көмекші, ақпарат көздерінің бірі қызметін атқарады.

Тәрбиелік және тәрбиелік міндеттерді шешу үшін мұғалім келесі интерактивті формаларды пайдалана алады:

- дөңгелек үстел (пікірталас, пікірталас);
- миға шабуыл (миға шабуыл, миға шабуыл);
- іскерлік және рөлдік ойындар;
- кейс-стади (нақты жағдайларды талдау, ситуациялық талдау);
- шеберлік сыныптары.

Дөңгелек үстел – белсенді оқыту әдісі, оқушылардың бұрын алған білімдерін бекітуге, жетіспейтін мәліметтерді толтыруға, проблеманы шешу дағдыларын дамытуға, ұстанымдарын нығайтуға, пікірталас мәдениетіне үйретуге мүмкіндік беретін, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушылық түрлерінің бірі.

Дискуссия (латынның *disciōdaio* зерттеу, қарастыру) – даулы мәселені жан-жақты талқылау. Басқаша айтқанда, талқылау кез келген мәселені, проблеманы ұжымдық талқылаудан немесе ақпаратты, идеяларды, пікірлерді, ұсыныстарды салыстырудан тұрады. Талқылау мақсаттары өте алуан түрлі болуы мүмкін: білім беру, оқыту, диагностикалау, түрлендіру, көзқарасты өзгерту және т.б.

Пікірталас түріндегі «дөңгелек үстелдің» негізі ұсынылып отырған тақырыптық тезис бойынша еркін пікір алмасу және пікір алмасу болып табылады. Пікірталас процедурасы жеке бағалауға немесе эмоционалды көріністерге жол бермейді. Тақырып талқыланады, оған жекелеген қатысушылардың қатынасы емес.

«Миға шабуыл» әдісі – шығармашылық белсенділікті ынталандыруға негізделген мәселені шешудің оперативті әдісі, онда пікірталасқа қатысушыларға мүмкіндігінше көп шешімдерді айту ұсынылады. Содан кейін айтылған идеялардың жалпы санынан тәжірибеде қолдануға болатын ең сәттілері таңдалады.

Жобалау әдісі – кез келген тақырып бойынша жеке немесе топтық шығармашылық жобаны жүзеге асыру.

Рөлдік ойын . Оқушыларға белгілі бір сюжетті сахналау ұсынылады. Бұл жағдайда, егер тапсырма талап етсе, белгілі бір өзгерістерді енгізу арқылы драматизацияға рұқсат етіледі.

Мұғалім рөлдерді бөледі, қатысушылар ұсынылған жағдайға сәйкес әрекет етеді.

Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың міндетті шарттары:

мұғалім мен оқушылар арасындағы сенімді, кем дегенде оң қарым-қатынас;

демократиялық стиль;

мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас процесінде ынтымақтастық;

оқушылардың жеке тәжірибесіне сүйену, оқу процесіне жарқын мысалдарды, фактілерді, бейнелерді енгізу;

ақпаратты беру формалары мен әдістерінің алуан түрлілігі, оқушылардың іс-әрекет формалары, олардың ұтқырлығы;

іс-әрекетке сыртқы және ішкі мотивацияны, сонымен қатар оқушылардың өзара мотивациясын қосу.

Олай болса, оқыту әдістері – бұл оқыту мәселелерін шешуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетінің тәсілдері, т.б. дидактикалық тапсырмалар. Оқыту әдістері мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетін, яғни. оқу және оқу әрекеті. Оқыту процесінде мұғалім мен оқушылардың функциялары бөлек белгіленсе де, бұл әрекеттер өзара байланыста, тығыз бірлікте жүзеге асады, өйткені оқыту оқусыз болмайды, ал оқытусыз оқу мүмкін емес.

Бүгінгі таңда бастауыш білім баланың оқу іс-әрекетін қалыптастырудың негізін қалайды, оқушылардың танымдық ынтасы мен қызығушылығын, оқушының мұғаліммен және сыныптастарымен бірлескен іс-әрекетіне және бірлескен іс-әрекетіне дайындығы мен қабілетін қамтамасыз етеді, адамгершілік мінез-құлық негіздерін қалыптастырады. адамның қоғаммен және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы.

Тәрбие процесінің маңызды педагогикалық құралдарының бірі – оқытудың формалары мен әдістері. Әдетте, оқыту әдістері деп педагогикалық процестің тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған мұғалім мен оқушының өзара әрекеті жүзеге асырылатын әдістер түсініледі.

Оқыту әдістерін таңдаған кезде, егер ол оқушыларды белсендіруге көмектеспесе, белсенді ойлау мен практикалық іс-әрекетке ынталандырмаса, кез келген әдіс өздігінен қажетті нәтиже бермейтінін есте ұстаған жөн.

